

Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет ұйымдарын, мұнай кен орнын, сондай-ақ темір жол станцияларын атау мен қайта атау және олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қыркүйек N 1205

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281_ қаулысына сәйкес және Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Білім беру, мәдениет ұйымдарына және мұнай кен орнына 1-қосымшаға

сәйкес есімдер берілсін.

2. Білім беру, мәдениет ұйымдары және темір жол станциялары

2-қосымшаға сәйкес қайта аталсын.

3. Темір жол станциялары атауларының транскрипциясы 3-қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1205 қаулысына
1-қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ұстаздардың есімдері берілген білім беру, мәдениет ұйымдарының және мұнай кен

орнының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Көкшетау қаласындағы "Құрылысшы" спорт кешеніне Қажымұқан Мұңайтпасовтың есімі;

Ақтөбе облысы бойынша

Ойыл ауданындағы Ойыл орта мектебіне - белгілі педагог Шарбану Бекмұхаметованың есімі;

Алматы облысы бойынша

Талғар ауданы Фрунзе ауылындағы N 30 орта мектепке Аңырақай шайқасының батыры Сәмен Дәненұлының есімі;

Атырау облысы бойынша

Атырау қаласындағы "Мұнайшы" мәдениет сарайына - белгілі күйші Дина Нұрпейісованың есімі;

Құрманғазы ауданындағы Дәшін балалар музыка мектебіне - белгілі күйші Дәулеткерейдің есімі;

Құрманғазы аудандық өкпе аурулары ауруханасына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, Социалистік Еңбек Ері Мағзом Ғилаевтың есімі;

Қызылқоға ауданындағы "Қайнармұнайгаз" басқармасына қарасты

"Орысқазған" мұнай кен орнына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Берген Жоламановтың есімі;

Қарағанды облысы бойынша

Ақтоғай ауданының Қызылтас орталау мектебіне - КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Төлепберді Ақышұлының есімі;

Ақтоғай ауданының Үшарал орталау мектебіне - белгілі ғалым-лингвист,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әсет Болғанбайұлының есімі;

Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасына - жазушы Жайық Бектұровтың есімі;

Балқаш қаласының Metallургтер мәдениет сарайына - халық әртісі Мағауия Хамзиннің;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Оңтүстік Қазақстан облыстық дарынды балалардың спорт мектеп-интернатына - Сидней Олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановтың есімі;

Бәйдібек ауданының Боралдай музыка мектебіне - халық ақыны Орынбай Таймановтың есімі;

Қазығұрт ауданының Қарабау ауылдық округіндегі Құларық бастауыш мектебіне - белгілі педагог Пернебай Ақбаровтың есімі;

Павлодар облысы бойынша

Качир ауданының Қашыр ауылындағы N 2 орта мектепке - Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Ағзам Текеновтің есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Аягөз ауданының Бидайық ауылдық округіндегі Екпін орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Мұқатай Әбеуловтың есімі;

Шемонаиха ауданының Уба орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Федор Сафоновтың есімі;

Шемонаиха ауданының Михайловск орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Серікқазы Бекбосыновтың есімі;

Шемонаиха ауданының Выдриха орта мектебіне - жазушы Анатолий Ивановтың есімі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 14 қыркүйектегі

N 1205 қаулысына

2-қосымша

Қайта аталуға жататын білім беру, мәдениет ұйымдарының және темір жол станцияларының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Зеренді ауданының Қошқарбай ауылындағы Ленин орталау мектебі - жазушы Мәди Хасенов атындағы орталау мектеп;

Ақтөбе облысы бойынша

Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің Тюльпанный темір жол станциясы - Қызғалдақты станциясы;

Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің Просторная темір жол станциясы - Жазық станциясы;

Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің Эмба темір жол станциясы - Жем станциясы;

Алматы облысы бойынша

Райымбек ауданындағы С.М.Киров атындағы орта мектеп - Шалкөде орта мектебі;

Атырау облысы бойынша

Құрманғазы ауданының Нұржау ауылындағы В.И Ленин атындағы орта мектеп - Нұржау орта мектебі;

Қостанай облысы бойынша

Қостанай тасымалдау бөлімшесінің Комсомолец темір жол станциясы - Қарабалық станциясы;

Қостанай тасымалдау бөлімшесінің Ново-Урицкое теміржол станциясы - Сарыкөл станциясы;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түркістан қаласының Бабайқорған ауылдық округіндегі "Қазақстан комсомолының 50 жылдығы" атындағы орта мектеп - көрнекті ғалым Мәулен Балақаев атындағы орта мектеп ;

Түркістан қаласының Үшқайық ауылдық округіндегі Н.К.Крупская атындағы орта мектеп - Кеңес Одағының Батыры Абдулла Үсенов атындағы орта мектеп;
Шымкент қаласындағы "Машинажасаушылар" мәдениет сарайы - Алпамыс батыр атындағы мәдениет сарайы;
Сарыағаш ауданының Жамбыл ауылдық округіндегі М.Мәметова атындағы орта мектеп - Социалистік Еңбек Ері Намазбай Шойбеков атындағы орта мектеп;
Ордабасы ауданының Қажымұқан ауылдық округіндегі N 60 орталау мектеп - Батсу орталау мектебі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1205 қаулысына
3-қосымша

Атауларының транскрипциясы өзгертілуге жататын
темір жол станцияларының тізбесі

Ақтөбе тасымалдау бөлімшесі бойынша

станция Яйсан - станция Жайсан;
станция Жаман-Су - станция Жамансу;
станция Камыс-Сай - станция Камыссай;
станция Курайли - станция Курайлы;
станция Дженешке - станция Жинишке;
станция Актюбинск - станция Ақтөбе;
станция Альджан - станция Алжан;
станция Аккемир - станция Аккемер;
станция Кандагач - станция Кандыағаш;
станция Джурун - станция Журын;

станция Изембет - станция Изимбет;
станция Кудук - станция Кудык;
станция Киргизская - станция Кыргыз;
станция Мугоджарская - станция Мугалжар;
станция Алабаз - станция Алабас;
станция Берчогур - станция Биршогыр;
станция Котр-Тас - станция Котыртас;
станция Каульджур - станция Кауылжыр;
станция Каир - станция Кайыр;
станция Челкар - станция Шалкар;
станция Ушкорай - станция Ушкурай;
станция Коп-Мула - станция Копмола;
станция Джилан - станция Жылан;
станция Тусплок - станция Тосбулак;
станция Тугуз - станция Тогыз;
станция Чиликты - станция Шиликты;
станция Кара-Чокат - станция Карашокат;
станция Чокусу - станция Шокусу;
станция Курлук - станция Курлык;
станция Донское - станция Дон;
станция Никель-Тау - станция Никельтау;
станция Калмыкарган - станция Калмаккырган;
станция Джаксымай - станция Жаксымай;
станция Шубар-Кудук - станция Шубаркудык;
станция Кинжалы - станция Кенжалы;
станция Караулкельды - станция Карауылкелды;
станция Джарлы - станция Жарлы;
станция Нугайты - станция Ногайты.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК